

**"Қылмыстық құқық  
бұзушылықтарды квалификациялау  
теориясы" пәні бойынша ХҚФ,  
Халықаралық құқық бөлімінің  
3 курс бакалавриаттарына  
арналған қорытынды  
емтихан бағдарламасы  
Оқытушы – Апенев С.М.**

**ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАНДЫҚ  
БАҚЫЛАУ**

Емтиханды өткізу нысаны – оффлайн платформасында жазбаша. Емтихан жауаптарын балама түрде белгіленген оқытушы тексереді.

Билеттерді Универ жүйесі арқылы деканның Оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары жасайды.

" Қылмыстық құқық бұзушылықтарды квалификациялау теориясы" пәні бойынша емтиханды сәтті тапсыру үшін студент:

- өткен бағдарламаға сәйкес оқыту курсы мұқият зерделеу;
- курс тақырыптары бойынша қосымша әдебиеттерді зерттеу;
- әкімшілік құқықтың практикалық сұрақтарына жауап беру үшін ұғымдық және терминологиялық аппаратпен жұмыс істеу;
- сұрақтарға жауаптың анықтығын қаматамасыз ету үшін Әкімшілік кодекстің ережелеріне сүйену ;
- берген жауапқа сенімділігін көрсету үшін әкімшілік құқықтық ережелерді келтіре отырып жауабын негізделген түрде беру;
- әкімшілік істер бойынша сот, арнайы органдары анық бір шешім қабылдайтындықтан балама жауаптарды өз шешімі ретінде келтірмеу.

**Емтихан өткізу ережелері.**

Жазбаша емтихан бейнекамерасы бар аудиторияда өткізіледі.

Жазбаша емтиханды бастамас бұрын студент келу парағында көрсетілген орынға отырады. Жазбаша емтиханға жауапты дайындау уақыты екі сағат. Жауапты дайындау кезінде заңдарды, оқулықтарды, дәріс материалдарын пайдалануға, өзге студенттерден сұрауға рұқсат етілмейді. Бұл ережелерді бұзған студент емтихан тапсыру аудиториясынан шығарылады және емтихан тапсырылмаған болып саналады.

Билетте 3 сұрақ болады. Қорытынды бақылау сұрақтары міндетті түрде сабақтың барлық түрлерінде (дәрістер, практикалық, СОӨЖ) қарастырылатын тапсырмаларды, сондай-ақ аралық бақылауға берілген

сұрақтарды қамтиды.

Емтихан тапсыру уақытында сыртқа шығуға рұқсат етілмейді.  
Жауапты дайындау уақыты- 2 сағат.

**Бағалау саясаты.** Қорытынды бақылау (емтихан) - 100 балл. Бағалау келесі схемабойынша жүзеге асырылады:

1 сұрақ - 33 балл

2 сұрақ - 33 балл

3 сұрақ -34 балл.

**Емтиханды өткізу кестесі.**

Емтихан бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі, ол туралы студенттерге хабарланады.

Баллдар Универ АЖ-дегі қорытынды ведомоске қойылады. Жазбаша емтихан үшін аттестаттау ведомосына балл қою уақыты-24 сағат.

**Емтихан үшін сұрақтары берілетін пән тақырыптарының тізімі**

1. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды дұрыс квалификациялаудың маңызы және түрлері
2. Қылмыстық заң қылмыстық құқық бұзушылықты квалификациялаудың заңды моделі ретінде
3. Қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісі бойынша квалификациялау
4. Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағы бойынша квалификациялау
5. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы бойынша квалификациялау
6. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісі бойынша квалификациялау.
7. Аяқталмаған қылмысты әрекеттерді квалификациялау
8. Қатысушылықпен жасалған әрекеттерді квалификациялау.
9. Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың жауаптылығының арнайы мәселелері бойынша квалификациялау
10. Көптік қылмысты әрекеттерді квалификациялау
11. Қылмыстардың жиынтығы және бірнеше рет қылмысты қайталау бойынша квалификация
12. Нормалар бәсекелестігі бойынша квалификациялау (жалпы және арнайы нормалардың бәсекелестігі).
13. Нормалар бәсекелестігі бойынша квалификациялау (бүтін және бөлік нормалар бәсекелестігі).

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 2014 жылы 3 шілдеде қабылданған.
2. Кудрявцев В.Н. Общая теория квалификации преступлений. М.: Юрист, 2001.
3. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. – Алматы: Жеті жарғы, 2015.
4. Әпенев С.М. Қылмысты квалификациялаудың ғылыми негіздері. – Алматы: Заң әдебиеті, 2006. – 332 б.

Ресурстар:

Ғаламтор ресурстары: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/T070000001>\_ ҚР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер бойынша нормативтік қаулылары.